



09-Д-1145505-Сев.МЭС

Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1145505/2025/1

15.09.2025 жылғы

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамының "Солтүстік жүйеаралық электр тораптары" филиалының директоры Амренов Азамат Маратович негізінде әрекет ететін Филиал туралы ережесінің және 31.01.2025ж. № 24 сенімхатының, атынан, бір жағынан, және Индивидуальный предприниматель АДІЛЬХАНОВ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Басшы Адильханов Кайрат Бағдариевич негізінде әрекет ететін 2012ж.30.11. берілген №0297750 ЖҚ 12915 сериясы мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1145505 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Терминдерді түсіндіру

1.1. Шартта төменде көрсетілген ұғымдар келесі түсіндірмеге ие болады:

- 1) «Тапсырыс беруші» - «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» Акционерлік Қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»
- 2) "Өнім беруші" - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасалған сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум)
- 3) «Филиал» - тапсырыс берушінің жеке бөлімшесі «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» Акционерлік Қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» Акционерлік Қоғамының "Солтүстік жүйеаралық электр желілері" филиалы тұлғасында
- 4) «Қор» - «Самұрық Қазына» Акционерлік Қоғамы
- 5) "Холдинг" - Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік-өзге заңды тұлғаның меншік немесе сенімгерлік басқару құқығындағы дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы әрбір келесі заңды тұлғаға тиесілі;
- 6) "Шарт" – барлық қосымшалармен және оған толықтырулармен, сондай-ақ шартта сілтемелер бар барлық құжаттамамен тараптар қол қойған, жазбаша түрде жазылған, Тәртіпке және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;
- 7) "Шарттың сомасы" – шарттық міндеттемелерді толық орындау үшін Тапсырыс берушінің шарт бойынша Өнім берушіге төлеуге қабылдаған сома;
- 8) "Тауар" – шарт шеңберіндегі өнім беруші жеткізуге міндетті тауарлар мен ілеспе қызметтер;
- 9) «тауар өндірушілер» - тауарларды өндіретін әлеуетті өнім берушілер;
- 10) "Холдингің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесі" – Холдингің құрамына кіретін ұйымдармен жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған тұлғалар туралы жүйеленген ақпарат;
- 11) «Ілеспе қызметтер» - тауарларды жеткізуді, мысалы, тасымалдауды және кез келген басқа қолдау қызметтерін, оның ішінде, мысалы, орнату, іске қосу, техникалық көмек көрсету, оқыту және жеткізушінің шартта көзделген басқа да осыған ұқсас міндеттемелерін қамтамасыз ететін қызметтер;

1.2. Төменде аталған құжаттар және оларда көзделген шарттар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) Келісім-шарт
- 2) Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізімі (шартқа №1 қосымша)
- 3) Техникалық ерекшелік (шартқа № 2 қосымша);
- 4) Тауарларды жеткізу шартындағы ел ішіндегі құн үлесінің болжамы/нақты есебі (шартқа № 3 қосымша);





- 5) Тасымалдаушы туралы ақпаратты ұсыну нысаны (шартқа № 4 қосымша);
6) "KEGOC" АҚ жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі (шартқа №5қосымша).

2. Шарттың мәні

2.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Өнім беруші жеткізуге, ал тапсырыс беруші 2024-2025 жылдарда шығарылған жаңа, пайдаланылмаған тауарларды қабылдауға міндеттенеді

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 1848.00 (бір мың сегіз жүз қырық сегіз) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

3.3. Шарт сомасына Өнім берушінің барлық шығындары, оның ішінде шарттың 5.2 тармағында көрсетілген құжаттарды орау, таңбалау, тасымалдау және ресімдеу кіреді.

3.4. Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген салықтарды,баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Павлодар обл., Екібастұз қ., Қонаев-Абай көшелерінің қиылысы, филиалдың өнеркәсіптік базасы, орталық қоймасы мекенжайы бойынша жүк алушының қоймасына тауарларды жеткізуге байланысты барлық тәуекелдер мен шығындарды көтереді

3.5. Шот-фактура/электрондық шот-фактура салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде, Тапсырыс берушінің мекенжайына жазып беріледі.

3.6. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

3.6.1. Тапсырыс берушінің шарт бойынша тауарды төлеуі өнім берушінің банктік шотына акша аудару арқылы жеткізу кезінде теңгемен жүргізіледі.

3.7. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

3.7.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

3.7.2. Шот-фактура/электрондық шот-фактура

3.7.3. Бүйірдегі тауарларды шығаруға арналған жүкқұжаты/Тауарларға арналған ілеспе жүкқұжаты

3.7.4. Zakur.sk.kz жүйесінде электрондық құжат түрінде қалыптастырылған және қол қойылған тауарды қабылдау - тапсыру актісі

3.8. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

3.9. 3.8 Төлемді кешіктіргені үшін тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босататын шарттар:

- 1) жеткізушінің шот-фактураларды/электрондық шот-фактураларды және/немесе басқа құжаттарды төлемге дейін кеш ұсынуы
- 2) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарын және электрондық нысанда берілген шот-фактуралардың құжат айналымы ережелерін бұза отырып, шот-фактураларды/ электрондық шот-фактураларды жазып беруі;
- 3) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарын және тауарларға арналған ілеспе жүкқұжаттарды олардың ресімдеу және құжат айналымының Ережелерін бұза отырып жазып беруі.

3.10. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

3.11. Салықтар мен төлемдер

3.11.1. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мынадай түрде төленуге жатады:

3.11.1.1. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлегені үшін толық жауапты болады, әрі Тапсырыс берушіні Өнім берушіге жүргізілген немесе ол Шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы, оның ішінде салық қызметі Өнім





берушіге есептеуі және салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды төлегені үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда)

3.11.1.2. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлеуге тиесілі сомадан салық төлеу бойынша кез келген соманы ұстап қалады. Өнім берушіге кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіні кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, егер бастапқы төлем Өнім берушіге жүзеге асырылған болса, Өнім берушінің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Өнім берушінің алдында осындай жолмен ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сондай-ақ Өнім берушіге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

3.11.1.3. Өнім беруші салық есептілігін дұрыс толтырмағандықтан, қарсы тексерулердің және/немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс комитетіне сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған есептеулерге дейінгі жағдайда Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға міндетті.

3.11.1.4. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы Республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болады немесе есептелгенге дейін салықтар есептелсе, онда Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың барлық сомасын Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтар өтеледі. Осы тармақта көзделген шарт Өнім берушінің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулар расталмаған, ҚҚС қайтарылмаған және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялар есептелгенге дейінгі жағдайларға алып келген Өнім берушінің басқа Өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетпеу (төлемеу) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған, Өнім беруші өтеген ҚҚС асып кеткен сома не Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау, Тапсырыс беруші ҚҚС-тан асып кеткен жағдайда Өнім берушіге ҚҚС-ты қайтаруға жаңадан берілген талап және Өнім берушінің не Өнім берушілердің бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т. б. деңгейлерін жою нәтижесінде бұрын расталмаған сомаларды қайтаруға растау негізінде Өнім берушіге қайтарылуға тиіс, Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуінің нақты қайтарылуын алғаннан кейін ҚҚС-тың бұрын өтелген сомасын Өнім берушіге 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қайтаруға міндеттенеді.

4. Өнімнің сапасы мен кепілдіктері

4.1. Жеткізілетін тауардың техникалық параметрлері мен жиынтықтылығы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-і қосымшада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.2. Өнім беруші шарт шеңберінде жеткізілген тауардың жаңа, пайдаланылмаған болып табылатынына және материалдардың барлық соңғы модификацияларын көрсететініне кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді

4.3. Тапсырыс беруші жеткізуші берген техникалық құжаттамаға сәйкес сақтау және пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда, жеткізушінің кепілдігі тауарды қабылдау актісі бойынша тауарды қабылдаған күннен бастап 6 (алты) ай бойы жарамды.

4.4. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.

4.5. Тапсырыс беруші осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы Өнім берушіні жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті.

4.6. Осындай хабарламаны алғаннан кейін Өнім беруші Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде ақаулы тауарды және/немесе оның бір бөлігін Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір шығыстарсыз ауыстыруға міндетті.

4.7. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, Тапсырыс беруші талап ететін мерзімдерде тауарды ауыстырмаса, Тапсырыс беруші шарт бойынша өнім берушіге қатысты Тапсырыс берушінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей және өнім берушінің есебінен тауарды ауыстыру жөнінде қажетті санкциялар мен шараларды қолдануға құқылы. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші осы тауардан бас тартуға құқылы, ал Өнім беруші Тапсырыс беруші қабылдамаған тауарды кері қабылдауға және барлық шығындарды өтей отырып, осы тауар үшін алынған барлық соманы Тапсырыс берушіге қайтаруға міндетті.





- 4.8. Сапасыз тауарды қайтаруға және жаңасын жеткізуге байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді.
- 4.9. Ауыстыру жағдайында осы өнімге немесе оның бір бөлігіне кепілдік мерзімі қайта қабылданған күннен бастап қайта есептеледі.
- 4.10. Өнім берушінің кепілдігі Тапсырыс берушінің өнімді дұрыс пайдаланбауынан туындаған ақауларды қамтымайды.
- 4.11. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін оларға техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізе алады. Бұл сынақтардың барлық шығындарын Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушінің техникалық бақылау жүргізу үшін жіберілген өз өкілдері туралы жазбаша түрде және уақтылы хабардар етуге міндетті.
- 4.12. Техникалық бақылау мен сынақтар өнім берушінің аумағында, тауарларды жеткізу орнында және/немесе түпкі межелі пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар өнім берушінің аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.
- 4.13. Егер техникалық бақылаудан немесе сынақтардан өткен тауарлар техникалық ерекшелікке жауап бермесе, Тапсырыс беруші тиісті акт жасап, олардан бас тартуға құқылы, бұл ретте өнім беруші ақаулы тауарды ауыстырады не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті өзгерістер енгізеді.

5. Қосымша құжаттама

- 5.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды сақтау және пайдалану бойынша зауыттық нұсқауларды (қағаз түрінде) ұсынуға міндетті.
- 5.2. Тауарларды жеткізуді Өнім берушімен сатып алынатын тауардың техникалық сипаттамасында көрсетілген Тапсырыс берушінің шарттарына сәйкес, келесі түрде жүзеге асырылады:
- а) Шетелден жеткізілетін тауарлар үшін тауарды жөнелткеннен кейін Өнім беруші Тапсырыс берушіні телекс немесе факс арқылы тасымалдаудың барлық мәліметтерін, оның ішінде шарт нөмірін, тауардың сипаттамасын, санын, кемесін, жүкқұжатының нөмірін хабардар етуге міндетті, және оның күні, жөнелтілген порты мен күні, түсіру порты және т.б
- Өнім беруші Тапсырыс берушіге келесі құжаттаманы жіберуге міндетті:
- 1) жол жүру құжатының түпнұсқасы және 3 (үш) көшірмесі;
 - 2) әрбір қаптаманың мазмұнын көрсететін орау парағының көшірмелері;
 - 3) Егер Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасына сәйкес тауарлар міндетті сертификаттауға жататын болса, сәйкестік сертификатын немесе сәйкестік туралы декларацияны ұсыну қажет;
 - 4) Егер Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасына сәйкес тауарлар міндетті сертификаттауға жатпайтын болса, сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның хатының түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсыну қажет.
- б) жергілікті тауарлар үшін:
- 1) жол жүру құжатының түпнұсқасы және 3 (үш) көшірмесі;
 - 2) әрбір қаптаманың мазмұнын көрсететін орау парағының көшірмелері;
 - 3) өндірушінің мәртебесін растайтын құжаттар (сатып алынатын тауар үшін СТ-KZ нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат - түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе ішкі айналымға тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірме

6. Жеткізу мерзімі және шарттары

- 6.1. Өнім беруші тауарды мекенжайы бойынша және Шартқа №1, №2 қосымшаға сәйкес мерзімінде жеткізуге міндетті. Бұл өнімді межелі пунктке дейін тасымалдауды Жеткізуші жүзеге асырады және төлейді, ал ілеспе шығындар кедісім-шарт бағасына қосылады.
- 6.2. Шарт бойынша тауарды алушы «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» Акционерлік Қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» Акционерлік Қоғамының "Солтүстік жүйеаралық электр желілері" филиалы болып табылады, шарттың ажырамас бөлігі шартқа №1 қосымшаға сәйкес.
- 6.3. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдау-беру актісіне (актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелі Өнім беруші заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелетін кезден бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.
- 6.4. Жүк алушыға жүкті қабылдау және көлік органдарында жүктерді қабылдау және ресімдеумен байланысты барлық операцияларды жүргізу құқығы беріледі.

7. Қабылдау тәртібі

- 7.1. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.
- 7.2. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 7.3. Тауарды қабылдау актілерін, ақаулы актілерді және тауардың жасырын кемшіліктері туралы актілерді Тараптар 10 (он) ішінде жасауға





тиіс тауарды жеткізген күннен бастап жұмыс күні ішінде. Бұл ретте тауарларды жеткізу күнінен бастап есептелетін тауарларды қабылдау басталған күн осы аактілерге қол қойылған күн болып табылады.

7.4. Тапсырыс беруші шарттың 7.2-тармағында көрсетілген ақаулы актілерді және тауардың жасырын ақаулары туралы актілерді жасау мерзімі өткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде анықталған сәйкессіздіктер туралы талап қою құқығымен Жеткізушіге жазбаша хабарлауға міндетті

- 1) тауардағы ақауларды ақылға қонымды мерзімде өтеусіз жою;
- 2) тауардағы ақауларды жоюға жұмсалған шығындарды өтеу;
- 3) сапасыз тауарды шартқа сәйкес тауарға ауыстыру;
- 4) шартты орындаудан бас тарту және тауар үшін төленген алдын ала төлемді қайтару;

7.5. Жеткізуші ашық ақаулары мен сәйкессіздігі бар тауарларды жеткізген жағдайда, Тапсырыс берушінің (алушылардың) өкілдері ақаулы акт жасай отырып, мұндай тауарларды қабылдамауға құқылы.

8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

8.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

8.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.3. Форс-мажорлық мән-жайларға сілтеме жасайтын тарап оларды растау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (Қазақстан Республикасының Сыртқы сауда палатасы) және/немесе ҚР өзге де уәкілетті органы берген құжатты ұсынуға міндетті

9. Тараптардың құқықтары және міндеттері

9.1. Өнім беруші міндетті:

9.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

9.1.2. Тауарды шарт мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактура жазып беру;

9.1.3. Егер Өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес болса, жүк көлік құралына тиелген сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде тапсырыс беруші жауапты қызметкердің электрондық мекенжайына Smailov@kegoc.kz немесе оның whatsapp нөміріне 8(701)603-03-61, немесе осы шартта Тараптармен келісілген басқа да мессенджерлерге, тапсырыс берушіге ілеспе шот-фактураларды тіркеу бойынша салық міндеттемелерін орындауы үшін шартқа 4- қосымшаға сәйкес құжаттардың (жүкқұжаты), сондай-ақ жүк тасымалдаушы туралы мәліметтердің, шот-фактураның және жөнелтпе құжаттарының скан-көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.

9.1.4. Тауардағы ішкі құнның үлесі туралы берілген ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Тауардағы ел ішіндегі құнның үлесі туралы сенімсіз мәліметтерді ұсынған жағдайда Жеткізуші Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.1.5. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

9.1.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген Тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

9.1.5.2. Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) СТ-KZ нысаны сертификатының (сертификаттарының) электрондық көшірмесі (көшірмелері) (Жүйеде ұсынылады). Тәртібінің 37-бабының 6-тармағына сәйкес «қарапайым заттар экономикасы» тауарларын жеткізу кезінде түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

9.1.6. Шарт талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

9.1.7. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

9.1.8. "KEGOC" АҚ жеткізушілердің мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтау (шартқа №5 қосымша).

9.2. Өнім беруші:

9.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

9.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.





9.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқығы бар.

9.3. Тапсырыс беруші міндетті:

9.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

9.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

9.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

9.4. Тапсырыс беруші құқылы:

9.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

9.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

9.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

9.4.4. Өнім берушіден қойылған өсімақы, айыппұл және залал сомасын төлеуді талап етуге құқылы.

10. Тараптардың жауапкершілігі

10.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

10.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

10.2.2. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

10.2.3. Ауыстыру мерзімдері сақталмаған жағдайда, сондай-ақ кепілдік мерзімі ішінде/тауардың кемшіліктері мен кемшіліктерін жою кезінде Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімінде ауыстырылмаған тауар бағасының 0,1% ы мөлшерінде, бірақ мерзімінде ауыстырылмаған тауар бағасының 10 (он) пайызынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы, бұл туралы Өнім берушіге тиісті хабарлама (шағым) жіберіледі.

10.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

10.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

10.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

10.4.2. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідіріс сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

10.4.3. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

10.4.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

10.5. Шарттың 12.9 -тармағында көзделген тәртіппен шарт бұзылған кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіден шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы

10.6. Егер өсімпұл сомасы 1000 теңгеден аз болса, онда тұрақсыздық айыбын ұстап қалу туралы хабарлама мердігерге тек электрондық пошта немесе факс арқылы жіберіледі.

10.7. Экспорттаушы-өнім берушінің Шарттың 9.1.4-тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші-Қазақстан Республикасының резиденті емес, Өнім берушіден тауарға ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін уәкілетті мемлекеттік орган салатын айыппұлдар түріндегі шығындар сомасын өтеуді талап етуге құқылы.





10.8. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

10.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

11. Дауларды шешу тәртібі

11.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

11.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

11.3. Дауларды шешу орны – филиалдың орналасқан жері бойынша соттар - Павлодар обл., Павлодар қаласы Павлодар обл. бойынша мамандырылған ауданаралық экономикалық соты.

12. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

12.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

12.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

12.3. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша тауарлардың кез келген бөлігін беру үшін қажетті бағаның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, онда шарт сомасы немесе жеткізу кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі, бұл ретте өнім берушінің тауар сапасын төмендетуге құқығы жоқ. Шарт сомасын ұлғайту жағына өзгертуге жол берілмейді.

12.4. Егер шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде өнім беруші дәлелді себептер бойынша тауарды уақтылы жеткізбесе және/немесе ілеспе қызметтер көрсетсе, өнім беруші Тапсырыс берушіге кідіріс фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (-лері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге міндетті. Өнім берушіден хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалай отырып, өнім берушінің Шартты орындау мерзімін өз қалауы бойынша ұзартуға құқылы. Мұндай жағдайда мұндай ұзартуды тараптар тиісті келісімге қол қою арқылы ресімдеуге тиіс.

12.5. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделеді.

12.6. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

12.6.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

12.6.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

12.6.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

12.6.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

12.6.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

12.6.4. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

12.6.5. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

12.7. Тапсырыс беруші Шарттың 12.6.3 тармағына сәйкес Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада себеп көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс.

12.8. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады, бұл ретте өнім беруші шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

12.9. Шарт талаптарын бұзғаны үшін кез келген басқа санкцияларға нұқсан келтірместен, Тапсырыс беруші Өнім берушіге бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы:





1) егер өнім беруші тауардың бір бөлігін немесе барлығын шартта көзделген мерзімде (-лерде) жеткізбесе;

2) егер Өнім беруші шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемелерін орындамаса.

Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушіден шартты бұзу арқылы келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

12.10. Тапсырыс беруші Шарттың 12.9 тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіпте бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартты болжамды бұзу күнінен кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша ескертуді жібереді. Ескертуде Шартты бұзудың себебі, жойылатын шарттық міндеттердің көлемі, сонымен қатар Шартты бұзуға байланысты өз күшіне ену күні көрсетіледі. Шартты жоғарыда аталған жағдайларда бұзған жағдайда Өнім беруші бұзу күніне қарай Шартты орындаумен байланысты нақты шығындардың төлемін талап етуге құқылы.

12.11. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

12.12. Шарт тараптар арасындағы өзара келісім бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда Шартты бұзуға бастамашы Тарап екінші Тарапты өзінің ниеті туралы 20 (жиырма) күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда шартты бұзу Тараптардың міндеттемелерді орындауды аяқтау және тараптар арасында түпкілікті есеп айырысуды жүргізу мәселелері реттелетін бұзу туралы келісімге қол қою арқылы ресімделеді.

13. Хабарламалар

13.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

13.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

13.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

13.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

13.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

14.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.





14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

